

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы "Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 715 қаулысының күшін жою туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 436 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Панфилов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы "Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (2015 жылдың 11 қыркүйегінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне № 3400 болып енгізілген, аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 39 жарияланған) № 715 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садықов Аскар Джумахановичке жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Абдулдаев